



## **Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 368 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 16 қазанда № 35268 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі*

*А. Саткалиев*

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 14 қазандағы  
№ 368 Бұйрығымен  
бекітілді

## **Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10583 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 263) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 263) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормаларын айқындау тәртібін белгілейді."

2. "Электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 147 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10627 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 247) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 247) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

5) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"5) энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын босату бағасы –Ереженің 15-тармағының 247) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген, электр энергиясына арналған шекті тарифтен аспайтын электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобына енгізілген энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сату бағасы;"

б) тармақшаның екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге де ұғымдар мен анықтамалар "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес қолданылады.";

3 және 4-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Электр энергиясына шекті тарифтер электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтары бойынша жылдарға бөліне отырып, әрбір жеті жыл сайын бекітіледі және қажет болған кезде түзетіліп отырады.

4. Ереженің 15-тармағының 246) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтарын бекітеді.";

8-1-тармақтың төртінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифті есептеу формуласында пайда нормасы Ереженің 15-тармағының 245) тармақшасына сәйкес бекітілетін электр энергиясына шекті тарифтердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін нөлге теңестіріледі.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес кейінгі жылдарға электр энергиясына шекті тарифті түзету қажет болған кезде энергия өндіруші ұйымдар 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде уәкілетті органға жүгінеді және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 8-1-тармағының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген электр энергиясын өндіруге арналған шығындардың болжамды ұлғаюы туралы ақпаратты, өткен жылғы қаржылық есептілікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларында көзделген инфляцияның болжанатын деңгейін ескере отырып есептеулерді ұсынады.

Кейінгі жылдарға электр энергиясына арналған шекті тарифті түзету қажет болған кезде электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасы өзгерген кезде энергия өндіруші ұйымдар 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде уәкілетті органға электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін Пайда нормаларын айқындау әдістемесіне сәйкес есептеулерді қоса бере отырып, электр энергиясына шекті тарифті түзетуге еркін нысанда өтінім береді.

Уәкілетті орган түзеткен электр энергиясына шекті тарифтер және теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтер осы Қағидалардың 11-1-тармағын, сондай-ақ электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін Пайда нормаларын

айқындау әдістемесі 2-тарауының 1-параграфы қолданысқа енгізілген жылды қоспағанда, электр энергиясына шекті тарифтер түзету жүзеге асырылған жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ағымдағы жылы электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындар нақты ұлғайған кезде энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясына өзгертілген шекті тарифтерді енгізудің болжамды күніне екі ай қалғанда растайтын құжаттарды қоса бере отырып, электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындардың ұлғаюы туралы ақпаратты уәкілетті органға бір реттен артық емес ұсынады.

Электр энергиясына өзгертілген шекті тарифтерді қолданысқа енгізу олар бекітілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Растайтын құжаттар болмаған кезде уәкілетті орган энергия өндіруші ұйымды хабардар ете отырып, электр энергиясына шекті тарифтерді түзетуден бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 7-тармағына сәйкес шикі және (немесе) тауарлық газдың бағасы ұлғайған кезде күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде энергия өндіруші ұйымның ағымдағы жылға арналған электр энергиясына шекті тарифін түзетуді жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес түзетілген электр энергиясына шекті тарифтер олар бекітілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі."

3. "Тұлғалар тобының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 489 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17923 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 311) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұлғалар тобының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тұлғалар тобының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 311) тармақшасына сәйкес әзірленді және Тұлғалар тобының тізілімін қалыптастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Тұлғалар тобының тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында қалыптастырылатын және орналастырылатын, "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-1-тармағының екінші, үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес бақылау болған кезде бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушылардың тізбесі;"

4. "Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20554 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 445) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 445) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) электр станцияларының тізбесі – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін энергия өндіруші ұйымдардың бекітілген тізбесі;"

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына және осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген кезде уәкілетті орган оған заңды тұлғаны қоса отырып, электр станцияларының тізбесін қалыптастырады және оны Ереженің 15-тармағының 446) тармақшасына сәйкес бекітеді.".

5. "Электр энергетикасы саласында салынған инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 126 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22531 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 280) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергетикасы саласында салынған инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістемесінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр энергетикасы саласында салынған инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 280) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны уәкілетті орган электр энергетикасы саласында салынған инвестициялардың тиімділігін бағалау үшін қолданады.";

2-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Осы Әдістемеді пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.".